

## **Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің Қарабас ауылының көшелерін қайта атау туралы**

Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 2 шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қаңтарда № 6 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және Қарабас ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШТІМ:**

1. Абай облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің Қарабас ауылының көшелері қайта аталсын:

Чехов көшесі Зейнолла Нұрсейтов көшесіне;

Буденный көшесі Елшібай Тулеуов көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*С. Байкадамов*